

**Ертаев М.Ә.,\* Аширов Ш.А.**

с.ғ.к., доцент, ОҚМА, Шымкент, Қазақстан

т.ғ.к., доцент, ОҚМА, Шымкент, Қазақстан

## **ТҰРАР РЫСҚҰЛОВТЫҢ ТҮРКІСТАН АССР-ҒЫ САЯСИ ҚЫЗМЕТІНДЕ ӘЛЕУМЕТТІК МӘСЕЛЕЛЕРДІ ШЕШУ ЖОЛЫНДАҒЫ ЕҢБЕГІ**

Автор корреспондент: [m.ertaev17@gmail.com](mailto:m.ertaev17@gmail.com)

**Түйін:** Тұрар Рысқұлов жайлы романдар мен ғылыми зерттеулер өте көп жарияланып жүр. Қанша зерттеу материалдары көп болғанымен, біз Тұрардың өз халқы алдында жасаған адал қызметіне, ұлт жандылығына қажымас қайрат иесі екендігіне таңқалғанымызбен оның ғылыми еңбектеріне әлі толық талдау жасай алмадық. Оның ұлан-ғайыр қызметін жеткізіп беру өте қиын. Дегенмен Тұрардың ерекше атап өтетін еңбегі-қазақ халқы бастан кешірген екі ашаршылықтан миллиондаған халықты сақтап қалудағы қызметі болып табылады. Аталған екі нәубетте де Тұрар еліне, халқына деген жанашырлық сезімін, бар күш-қуатын аямай жұмсады. Төменде Тұрардың 1918-1919 жылдардағы ашаршылық нәубетіне материалдар мен оның 1923 жылғы 19 ақпанда Сталиннің атына жазған қысқаша өмірбаянын Ташкент қаласының Өзбекстан мемлекеттік архивінен алып қазақ тілінде жариялап отырмыз.

**Кілт сөздер:** Тұрар Рысқұлов, халық ашаршылық, әлеуметтік мәселелер, коллективтендіру, ұлт жандылық

Тұрар Рысқұлов жайлы романдар мен ғылыми зерттеулер өте көп жарияланып жүр. Қанша зерттеу материалдары көп болғанымен, біз Тұрардың өз халқы алдында жасаған адал қызметіне, ұлт жандылығына қажымас қайрат иесі екендігіне таңқалғанымызбен оның ғылыми еңбектеріне әлі толық талдау жасай алмадық. Оның ұлан-ғайыр қызметін жеткізіп беру өте қиын. Дегенмен Тұрардың ерекше атап өтетін еңбегі-қазақ халқы бастан кешірген екі ашаршылықтан миллиондаған халықты сақтап қалудағы қызметі болып табылады.

Оның біріншісі - 1918-1919 жылдардағы Орта Азия мен Қазақстандағы болған аштыққа қарсы күрес комитетін құрып, аштан қырылып бара жатқан халықты аман сақтап қалуға бар күш-жігерін жұмсағаны. Ал екіншісі-тарихтан белгілі 1932-1933 жж. Күштеп коллективтендіру кезеңіндегі өрескел бұрмалаушылық салдарынан болған аштық. Тұрар бұл ашаршылықпен де жан аямай күресті.

Аталған екі нәубетте де Тұрар еліне, халқына деген жанашырлық сезімін, бар күш-қуатын аямай жұмсады. Төменде Тұрардың 1918-1919 жылдардағы ашаршылық нәубетіне материалдар мен оның 1923 жылғы 19 ақпанда Сталиннің атына жазған қысқаша өмірбаянын Ташкент қаласының Өзбекстан мемлекеттік архивінен алып қазақ тілінде жариялап отырмыз.

### **Мәтін**

#### **Тұрар Рысқұловтың қысқаша өмірбаяны**

Мәскеу қаласы. Ұлттық халық комиссариаты. Комұяша партиялық арын тазарту \очиска\ қалалық, аудандық комитетіне. Ресей Коммунистік партиясы Орталық комитеті мен жолдас Сталиннің атына осы жылдың наурыз айында өз атымнан жазылған өмірбаянымның көшірмесін тағы да қайталамау үшін Түрік мәселері бойынша берілген баяндамаларды да тапсырамын.

Шыққан тегім

Мен қатты қажып, қайратынан айырылған қазақ халқының қиналған табынан шыққанмын. Қазақ даласының көшпелі кедейінің қорлық өмірін бастан кешірдім. Әсіресе Түркістанда қазақтан шыққан оқымыстылар ішінде мендей қатты қиналған жандар көп емес-ау сірә. Тұрмыстың тауқыметі жағдайларын, қазақ кедейлерінің құқықсыз күн кешуін, патша әкімшілігінің оларды екі жақтан езгенін \орыс және жергілікті әкімшілік тарапынан\ өзімнің бай туған-туысқандарымның т.с.с аяусыз қанауын бастан кешіруіме тура келді. «Бұрынғы қайырымды заманда» ашаршылықтың ұзаққа созылуы, кейде ұнға

су қосып араластырылған тамақ жегеніміз \быламық –тамақтың бұл түрі қазақ кедейлерінің арасында кең тараған\ көк тиын үшін бай туысқандарымның қорлықпен малдарын баққаным, байлардың алғыс орнына жиі-жиі қамшы астына алғандарын – балалық шағымның бұл бал татымас көрінісі деп білемін. Бір жағынан қарағанда тұрмыстық қиын-қыстау, ауыр жағдайларында есею, екінші жағынан- өзімнің қайсарлығымның арқасында орысша, европаша білім алуға қол жеткіздім. Міне, өмірімнің ең есте қалар ерекшеліктерінің бірі осылар. Қалғандары – уақыт сарынына салынып тәртіппен жылжып кете береді.

Менің әке-шешем «бүлікшіл» болғаны үшін уез бастығы приставы \полиция бастығы мен болысы\ қоймай қудалаған соң Черняев уезінен асып, Жетісу облысына \Шығыс Талғар болысы Верный уезі\ көшіп кетті. Міне, сол отаршылдар ұясында мен дүниеге келіппін. Бұл жерде де әке-шешем басқа қазақ тайпалары \рулары\ бай-болыстарынан қысым көреді, оның үстіне қалмай ізіне түсіп төленетін ауыр салықтар олардың жайбарақат өмір сүруіне мүмкіндік бермейді.

Шамалы мергендігі бар әкем шыдамы таусылғаннан өзі және қысым көрген тайпалары үшін кек алу мақсатында Жетісу губернаторының досы, болыс басқарушысын той үстінде атып өлтіреді, сөйтіп отбасын қанды кектен қорғап өз ауылы арасында жасырынып қалады. Қазақ даласындағы патша әкімшілігінің, өрескел саясатының алдыңғы жолбастаушысы болған адамның өлтірілгендігі туралы оқиға облысты дүрліктіріп, тіпті өлкеге дейін жетіп барады. Патша әкімшілігі болған оқиғаны әкемнің істеген үлкен қылмысы деп ұққан болса, еңбекші қазақ қауымы мен қаналып қаны қайнаған қазақтар оны зор қуанышпен қарсы алып, өз құқығы үшін күрескер ретінде мадақтады. Қазақ байлары тергеусіз сот жүргізіп, \әкеден қалған жалғыз тұяқ мен ол кезде 10 жаста болатынмын\ оны асып өлтірмекші болады. Бірақ әкемді ажалдан көрші тараншылықтар арашалап қалады. Әкем ұсталып Жетісу облысы, Верный қаласындағы түрмеге қамайды. Өшіккен губернатордың ұсынысы бойынша оны бірінші асып өлтірмекші болып, кейіннен 10 жылға жер аударады. Болыстың туысқандары өлтіріп қояды, деп қорыққан әкем мені өзімен бірге отырған түрмесіне алып кетеді.

Сауатымды алғаш рет түрменің мектебінде аштым. Тұтқындарды төңіректен жүріп, түрме тұрмысын үйрендім. «Революционерлердің» кім екендігін \олар өте көп еді\ осы жерде білдім. Мен оларды өте құрмет тұтатынмын. Әрдайым тұтқындарға барып, тіпті олардың камераларында болып тұратынмын. Облыстық түрме бастығының көмегімен әкемнің жанында жасауға рұқсат алдым. Сосын бір жылдан астам бастықтың тауықтары мен үйректерін бағып, аула сыпырушысы қызметін де істедім. Түрмеде әкем бір жыл болып соңынан Сібірге жіберілді. Бұл кезде 1905-1906 жылдары орыс-жапон соғысы жүріп жатқан. Жер аударылған Жетісулық тараншы серігімен атыс кезінде оларды алып бара жатқан күзетшіні аударып салып, туған өлкелеріне қашады. Әкем өзінің болысына аман-есен оралып, соңынан жер аударылып жүргенде жұққан ауыруынан көз жұмады.

Мен осыдан кейін немере ағаммен Әулиеата уезіне көшіп бардым. Жергілікті \Меркедегі\ орыс училищесіне оқуға түстім. Бітірген соң біраз уақыт ауылдағы үйде \Аспара болысы\ жүрдім. Себебі орыс тілін жетік білмей тұрып жоғары оқу орнына түсу мүмкін емес-ті. Дәл осы кезде бірге тұрған немере ағамды бай туғандары қудалай бастады. Олардың мақсаты ол кісіден көп мерзімді өсім өндірмекші болған, өсім 25-50 процентке дейін көтеріледі екен. Немере ағамның жоқтығында \мысал ретінде келтірейін\ мені ең соңғы үйде қалған жалғыз сиыр мен киізді сатып ақшасын алу үшін даладан қалаға дейін \40 шақырымдай\ жаяу жүріп баруға мәжбүр етті.

Жарлыны қамшы астына алып, қан жоса қорлап қажалаудың ежелгі әдетін қолданды. Кедейлерге мұндай қорлық қатынаста болу байлар үшін мәртебе еді. Осыдан кейін менің қанаушыларға деген өшпенділігім күннен-күнге арта түсті. Біраз уақыт жергілікті сот тергеушінің \жолдас Семашко\ қол астында шақыру қағазын көшіруші, хатшы болып істедім. \менімен бірге А.Ибрагимов жолдас та істеген, қазір ол Ташкентте

Ескі Қала совдепінің мүшесі\). Содан кейін, тек қана кедей балалары ғана оқитын Пішпек ауыл шаруашылық училищесіне оқуға кірдім. Ол жерде ауыл шаруашылығы батрагы \малайы\ болып төрт жыл қолымның қабарғанына қарамай әртүрлі жұмыстар істедім, \Бақша шаруашылығында, диханшылықта, бағбаншылықта т.с.с жұмыстар істедім.\ Бұл жөнінде сол кезде Пішпек қаласында тұрған Бройдо жолдас жақсы біледі\). Училищені бітірген соң өз бетіммен білімді жалғастырмақшы болғанымда қаражатым жетпей, тіпті өз оқытушыларым да сабақ беруден бас тартты. Әрине оларға да ақы төлеу керек еді. Осындай қиыншылықтарға қарамай, немере ағамды ақырғы қойын сатуға көндіріп, емтихан тапсыру үшін Самара қаласындағы орта ауыл шаруашылық училищесіне бардым. Ол жерде шамамен емтихан тапсыратын 250 талапкерден, сонау Жетісудан келген жергілікті, бұратана \туземец\ адам тек мен екенмін. Мені «яты» \жұмсарту белгісі\ әрпін білмеген үшін емтиханан құлатты. Соң Ташкентке аттандым. Ташкентке келгенімде қалтамда көк тиынымда жоқ еді. Кейіннен Қрановодопод ауыл шаруашылық тәжірибе станциясына жұмысқа орналастым. Ол жерде бір жылдай қызмет істедім. Сөйтіп, Ташкенттегі жаңадан ашылған оқытушылар дайындайтын институтқа түсуге әзірлендім. Бірақ мұсылман болғаным үшін мені қабылдамады. Ресей отаршыларының \империясының\ заңы бойынша тек православтарды қабылдайды екен. Өлкенің училище бақылаушысы \инспекторы\ Соловьевпен болған дау-жанжалдың пайдасы болмады. Менің арызыма өшіккен Соловьев миссионерлік әрекет танытып, жергілікті адамдардың оқуына жол бермеді. Мені, қамамақ та болды. Петербордағы оқу министрі атына өтініш жаздым. Сол уақытта тылда жұмыс істеуге жергілікті \бұратана\ адамдар қабылданып жатқан. Бұл 1916 жыл еді. Мен Жетісудағы Әулиеата уезіне кеттім. Мұнда дайындалып жатқан қантөгісте-қазақтардың патша әкімшілігіне көтерілісте орыс шаруаларына қол тигізбеу мақсатында қазақтар арасында үгіт жүргізуге кірістім. Егер осылай болмаса ұлттық сипаттағы жанжал басталып кетуі әбден мүмкін еді. Үгіт жүргізгенім жайлы полиция бастығы тілмаш арқылы біліп қойып, мені тұтқындады да тергеу органына тапсырды. Көп өтпей бірқатар ескертулер алған соң, полиция шеңгелінен әрең құтылдым. 1916 жылғы қазақтардың стихиялы көтерілісі ірі оқиғаға айналды. Сол кезде өзім қатты науқасқа ұшырап, бір өлімнен қалдым. Россия оқу министрлігінен оқуға түсуге рұқсат қағаз келген соң Ташкентке барып институтқа түстім.

### **Ақпан төңкерісінен кейінгі кезең**

Революциялық қызметпен қызу айналысып кеттім де жоғарыда аталған институтты аяқтаған жоқпын. Сөйтіп тіпті орта білім де ала алмадым. Әулиеата уезіндегі бір ауданнан бастап \К.Маркс ауданында 80 мыңдай қазақ тұрғыны бар.\ Уақытша Үкімет Комитетіне қарсы әрекет ете бастадым, өйткені бұл жерге тағы да патша чиновниктері \төрелері\ мен қатыгез орыс кулактары кіріп алған болатын. Олар комитет атынан әрбір қазақ баласына 1916 жылғы бүлікке қатысқаны үшін 400-500 мың сомнан контрибуция \соғыс шығынын\ салып қойған. Ол кезде бұл тым көп ақша еді ғой. Уақытша Үкімет атынан қазақтардың кескілесуі \резня\ жалғаса берді.

Қуғынға ұшыраған қазақ тұрғындарын төңірегіме топтастырып, олардың котрибуциядан, және де басқа міндеттерінен құтылуларына жәрдем бердім. Осы үшін бірнеше рет орыс кулактары айырмен шаншып өлтірмекші болғанда қашып құтылып кеттім.

Уақытша Үкімет тарапынан тұтқынға алу әрекеті сәтсіз болды. Өйткені мені қорғайтын еңбекші қазақтар мен жергілікті солдат депутаттарының Советі бар еді.

Сол кезде Ташкент депутаттары атынан келген большевиктермен алғаш рет таныстым. Дәл сонан бастап большевиктер қатарына қосылдым. \1917 ж\ Депутаттар советі өкілдерімен бірге әрекет еттім. Көп ұзамай-ақ «Бұқара» революциялық қазақ жастары ұжымына мүше болып, белсенді әрекетті бастадым. \Бағдарламасы да жазылған еді\). Міндетіміз қазақ кедейлерін ұйымдастырып, ауылдарда Атқару комитеттерін құру, оларға білім беру, кулактармен және жергілікті патша жандайшаптарымен күрес алып

бару т.с.с. Адам көп жиналатын базаларда үгіт жүргізу, газеттерді ауызекі оқып түсіндіру т.б. болды. Нәтижеде бізді қолдап-қуаттап отыратын көптеген қазақтардың басын біріктіре алдық. Уақытша Комитеттің бағытын әлсіретіп, күйретудің сәті түсті. Барлық қазақ өкілдерін жұмысшы және солдат депутаттарының Советіне біріктіріп, Түркістанда тұңғыш рет қазақ арасында азық-түлік комитеті құрылды. \себебі: ашаршылықтың боларын алдын-ала білдік.\. Базарларда митингілер өткіздік, ашаршылық болады деп хабарлап, кедейлердің азық-түлік сатып алу үшін ақшасы барлардың қаржы берулерін өтіндік. Кейінен осы қаржыға азық-түлік сатып алып, тұрғындарды тамақтандыруға жұмсадық. Бұл жұмыс әрі қарай Әулиеата уезінің барлық жеріне таратылды. Себебі бұл жерде Уақытша Үкіметтің уезд комитеті жеңіске жетіп отыр еді. (менімен бірге қайтпай, басынан бастап Сарымолдаев пен Құрманов жолдастар қызмет етті).

### **Қазан төңкерісінен кейін**

Қазан төңкерісінен кейін Түркістанның жергілікті тұрғындарының ішінен бірінші болып Әулиеата уезінің қазақтары Совет өкіметіне қалтқысыз қосылған еді. Бұл жайлы Ташкенттен шыққан «Бірлік туы» газеті беттерінде бірнеше мақала жарық көрді. \Кейіннен бұл газет Совет үкіметі тарапынан жабылды.\ осы үшін бізді қазақ ақсүйегінің әулеті Кенесарыны қорғады деп айыптады.

Еңбекші қазақтардың қолдауымен мен уезд Атқару Комитетіне сайландым. Көп уақыт өтпей-ақ белсенділігімнің арқасында орыс солдаттары мен жұмысшылары арасында да зор сенім арттырып, уездік большевиктік ұйымның басшысы және Атқару Комитетінің төрағасы болдым. \1918 жыл.\ Кулактардың көпшілігі барып қосылған солшыл эсерлерге қарсы күрес жүргіздік. Қазақ шаруаларына қандай болса, орыс шаруаларына да солай берік таптық саясат жүргізілді. \Бұл туралы менімен қызметтес болған Федоров, Заводский, Хмелевский т.б. жолдастардың есінде болса керек\.. Осы үшін мені орыс солдат жолдастар қолдап отырды. Түркістан өлкесі бойынша тұңғыш рет уезд төтенше комиссиясын \ЧК\ ұйымдастырудың сәті түсті. Төтенше Комиссия отрядын басқарып жүріп уезден контрибуция есебінде тартып алынған мал-мүліктерді қайтаруға және орыс шаруаларымен қазақ шаруалары арасындағы ұрыс-керісті тоқтатуға қол жеткіздік.

Бұл кезде 200 мыңдай тұрғыны бар қазақ уезінің халқы, әсіресе кедейлер менімен қызметтес болған жолдастарымды өздерін қанаушылардан құтқарушы деп білді. Менің тек қана таптық күрес жолымен жүргенімді оны әділет жолы деп түсінген орыстың қызыл әскерлері қолдап отырды. Сол уақытта уезд бен Жетісуда эсерлер мен ақгвардияшылар басқарған кулак ұйымдары пайда бола бастады. Кулактардың Дмитревск бүлігі бұрқ ете түсті. \Колесов кезінде.\ Бұл көтеріліске он шақты басқа поселкелер қосылды. Мақсаты Жетісуды толық өздеріне қаратып, Ташкенттен бөліп алу болды. Мен басқарып отырған уезд Атқару Комитеті екі зеңбіректі отрядтың күшімен бұл көтерілісті басып тастауға, сондай-ақ берік саясатпен уездің кулактарын қарусыздандыра алдық. Бұл көтерілісте маңызды роль атқарған солшыл эсерлердің әрекетін жоққа шығардық. Әулиеата уезіндегі жемісті еңбектерімнің арқасында Түркістан Орталық өкіметінен бір-ақ шықтым. \Бұл да 1918 жыл еді.\ Түркістандағы жергілікті тұрғындардың арасындағы революциялық қозғалыстың басшысы болдым. Былайша қарағанда бұл біріншіден, Совет өкіметімен жергілікті халықтың бөлектеніп қалуын және

Түркістан кедейлері арасындағы араны ашылып келе жатқан ашаршылықты көре отырып, мен толығымен ашаршылықпен күрес мәселесін қойдым.:

**біріншіден**, көше мен ой-шұқырларда сондай-ақ қыстақтардағы аштықтан қырылып бара жатқан миллиондаған пролетарлар мен балаларды құтқарып қалу, себебі, сол кездегі үкімет мұны көрсе де көрмегендікке салып, миллиондай ашаршылыққа ұшырағандар үшін мысалы 5000000 сом ғана қаржы бөлінген,

**екіншіден,** орыс жолдастарға мына нәрсені түсіндіру керек. Жергілікті халықтың жоқшылықтан өліп бара жатқанын көрмей теріс айналып кету мүмкін емес, өйткені, олар біздің Совет өкіметіміздің соңғы тірегі екендігін ұғындыру:

**үшіншіден,** өзі жергілікті халық арасынан шыға отырып бұл кедейшілікті ойламаған комиссарларды ұялту: \мысалы: Ұлттық Халық комиссары Ашурходжаев немесе Денсаулық сақтау халық комиссарының өзі де сол халықтың ішінен шығып, ашаршылыққа қарсы ешқашан ешқандай шара қолданбау\.

**төртіншіден,** теріс саясаттың салдарынан төз-төз болған жергілікті еңбекшілердің көпшілігін Совет өкіметіне қайта тарту және тұрғылықты кедейлерге сүйеніш болу.

Менің басшылығымның ұйымдастырылған ашаршылықпен күрес Орталық Комиссиясы \Комиссариаты\ азық-түлік ісі бойынша диктаторлық өкілдікке ие болды. \сол кездегі барлық «Известия» ның нөмерлерін қараңыз\.

Бұл Комсариат барлық міндеттерді шеше алды: Мысалы, барлық қала және қалашықтардың ашаршылыққа ұшырағандарға тамақтандыру орындары ашылуы мен бірге Республикада \азық-түлікпен\ ең қажетті өнім беретін кіші ұстаханалар мен шеберханалар ұйымдастырылды. 25-50 мың десятина жерге мемлекеттік егістіктер егілді. Бұл Түркістанда бірінші рет ұйымдастырылған болатын. \Наркомзем материалдарынан\.

Бұл жұмыстарға жергілікті халықты мәжбүрлі түрде жұмылдыруға тура келді. Ташкенттегі ескі қалада ашаршылыққа ұшыраған 30000 мыңдай кедейлер құтқарылды. \Мұны ескі қала тұрғандары мен жолдас Н.Хожаев ұмытпаған болу керек\.

Иә, мен шектен асып кеттім. Түркістан Атқару Комитетіне өнім және мүлікті толық пайдаға асыру туралы бұйрықтың жобасын тапсырдым. Себебі, жергілікті буржуалардың еңбек нормасы жоғары еді. Мұның бәрі ашыққан кедей пайдасы үшін болатын. Бірақ бұл жоба қабылданбады. Кейіннен Тифлисте Мұстафа Шоқайұлының мақаласы шықты. Ол мақалада «Түркістанда орыс большевиктері жергілікті кедейлерге жәрдем беретін емес» делінген. Осыған қарамай мұнсыз да көп істер тындырылды. Мемлекет бөлген қаржыдан басқа ашаршылыққа ұшырағандарды біз жергілікті буржуалардан тартып алынған \реквизиция\ азық-түлікпен қамтамасыз еттік. Мұны орындамағандарды қуғынға ұшыраттық.

Түркістан партиясының III съезінде жолдас Коменустың есебі бойынша 1918 жылы республика бойынша тамақтандыру орындарынан 3 миллиондай ашыққандар, ал 1919 жылдың бес айы ішінде 2,5 миллиондай адам тамақтандырылған. 1919 жыл 1-майға қарай 800 мыңдай ашаршылыққа ұшырағандардан барлығы 144 мыңдай адам қалған. Осыған орай көптеген жергілікті еңбекшілерді Совет өкіметі тарапына талпындырдық, сонымен қатар жергілікті жұмысшыларды біріктіріп олардың революцияға деген қызығушылықтарын арттыра алдық.

Менің қызметімнің екінші кезеңі - Россия Коммунистік партиясының Мұсылман бюросы коммунистік ұйымының құрылуымен байланысты болған. Бар күш жігерімді осы мұсылман бюросының ұйымына жұмсадым. Мұсылман бюросының өмір сүрген кезеңі-бұл Түркістандағы жергілікті еңбекшілердің зор алға ұмтылған кезі еді. Сондықтан олар өздерін бірінші рет Түркістанның нағыз иесі екендіктерін сезінген еді. Мұсылман бюросы төңірегіне коммунистер мен еңбекшілер ғана емес, сонымен бірге басқа шетел революциялық партиялары келіп қосылды. \Мәселен: жас бұқарашылар, жас хиуашылар, Әзербайжан, персия коммунистері т.б.\

Біздің көзқарасымызды дұрыс деп түсінген көптеген орыс жолдастарда мұсылман бюросы төңірегіне топтасты. Бұрын Мұсылман бюросында жұмыс істегендер қазір Бұқар мен Хиуада жұмыс істеп жатыр. Іргелес жатқан елдерде біздің ісіміз зор маңызға ие болды. Бұл туралы әлі басылып шықпаған «Түркістандағы Мұсылман бюросы жұмысы» атты брошюрада толық айтып өткем. Мұсылман бюросы жұмысының ішкі құрылысына келетін болсақ, оның жұмысы, біріншіден, ауылдар мен қыстақтар да партия ұясы, Атқару комитеттері мен советтермен бірге өмірге келген. Екіншіден, отаршыл элементтердің бағыты әлсіреп, саясат ықпалы жергілікті жұмысшылармен Орталық Россиядан келген жұмысшылардың қолына көшуімен сипатталады.

Менің қызметімнің үшінші кезеңі-бұл отаршылармен болған күрес. Яғни әрқилы қанаушылыққа қарсы күрес идеясымен байланысты. Мен коммунист ретінде барлық қанаушылыққа қарсы тұрдым. Себебі, Түркістанда отаршылдар озбырлығын жоймайынша кеңес үкіметін құру, тіпті жергілікті халықтар арасында таптық күресті аяқтау мүмкін емес еді. Сондықтан, Түркістандағы Совет өкіметінің тағдырын шешуші бұл мәселені Түрік комиссиясының алдына көлденең қойдым. Алғашқы ретте Түрік комиссиясы да, жергілікті жұмысшылар дане екенін түсінбей қалды, ал кейіннен жұмыс барысында үкімет қатары ауыстырылып, жұмыс әдісінің өзгеруіне байланысты отаршылдық мәселесі толық шешілді және РКП Орталық Комитеті де бұл маңызды мәселе тез арада шешілуі тиіс деп тапты.

Басқа жұмыстарыма келер болсақ әртүрлі провинцияларда, түрлі постарда қажымай \арымай-талмай\ жұмыс істедім. Мысалы, Ферғанада Сорокин және Ж.Тұрсынхожаевпен бірге «дашнактарды» қарусыздандыруға қол жеткіздік. Осылайша жергілікті халықты басмашылардан арашалап қалдық. Содан кейін Мадаминбек, Халыққожа т.б. басмашылардың басшыларын совет өкіметі жағына өтті. \Кейіннен мынадай қызметте болдым.\

1918-1919 жылдары Денсаулық сақтау Халық Комиссары, сосын Түркістандағы ашаршылықпен күрес комиссиясының \комиссариатының\ төрағасы, сонымен қатар бір мезгілде өлке съезі Президиумы құрамында, РКП өлке комиссариаты мен Түркістан Орталық Атқару комитеті Президиумында қызметте болдым. Үздіксіз өлке мұсылман бюросының үш рет құрамында және үш өлке мұсылман конференциясында төрағасы болдым.

Кейіннен Түркістан Орталық Атқару комитетінің төрағасы және жетінші сессияда Бүкілроссиялық Орталық Атқару комитетінің мүшесі болдым. Бұл уақыттарда мені Түркістанның жергілікті барлық халықтарының жұмысшылары қолдап қуаттап отырды. Түрік үкіметі құрамынан шыққаннан кейін Баку қаласында өткен Шығыс халықтарының съезіне қатыстым, бұл съезде Зиновьев жолдас келгенге дейін коммунистер фракциясының төрағасы болып сайландым. Кейіннен «Шығыс халықтарының үгіт және қимыл кеңесінің мүшесі болып ауыстым.

РКП 10 съезіне Әзербайжан компартиясы мен Иран \Персия\ коммунистік партиясы атынан делегат болып сайландым. Сонан кейін Қазақ Республикасы тарапынан Ұлттық Халық комиссариатының мүшесі болып сайландым.

«Мәскеу»,  
Желтоқсан ---1921 ж  
Т.Рыскулов.

Р.С. Соңғы кезде мен РСФСР ұлттар ісі бойынша халық комиссарының орынбасары болып бекітілдім. Сонымен бірге ФЕДКОМПРОС \Федерация коммунистического просвещения\ ның төрағасы және Москва мен Петроградтағы Шығыс тілдер институтын басқардым.

Қазір РКП Орта Азия бюросының мүшесі және Түрік Республикасының Халық комиссары Советінің төрағасымын.

10-АҚПАН, 1923жыл  
ТАШКЕНТ ҚАЛАСЫ.

Т. РЫСКУЛОВ. \Өзбекстан Орталық Мемлекеттік архиві  
86-қор, 1-тізбе, 1524-іс, 4-15беттер\ Мәтін 1992 жылы архивтен алынып қазақ тіліне аударылып түпнұсқадан жазылды

Архивтен алып қазақшамен баспаға дайындаған М.А.Ертаев ОҚМА доценті, социология ғылымдарының кандидаты.

**Ертаев М.А., с.ғ.к., доцент, Шымкент ОҚМА**  
**Әбиболла Д.С. 2 курс студент, Шымкент ОҚМА**  
**ТҰРАР РЫСҚҰЛОВТЫҢ ТАШКЕНТТЕГІ АЛҒАШҚЫ ҚЫЗМЕТТЕРІНЕН**

1917 жылы күзде Түркістан өлкесінде ашаршылық басталған болатын. Жаңа орнаған Кеңес үкіметі адамдарға тез арада жәрдем көрсетуге кірісті. Бұл іске Әулиеата уездік атқару комитеті төрағасының орынбасары Тұрар Рысқұлов мұны бірқанша істердің ең негізгісі деп білді. Бұл жұмысқа ол бар ынтасымен кірісті. Елдегі адамдардың ашаршылық азабынан өліп кету қаупінен сақтап қалу үшін батыл шаралар көріп, бар күш-жігерін жұмсады және бұл іске көпшілікті жұмылдырды. Бай адамдардан ештеп астық алып, аштықтан жүдеген, әлдері құрыған кісілер үшін тамақтану орындарын ашты. Тұрардың бұл орында алып барған тиімді жұмысын Түркістан Советтік Республикасының денсаулық сақтау комиссарлығы арнайы атады. Оның бұл қызметтегі негізгі міндеті-аштыққа қарсы күресу болды. Ең алғаш Түркістан өлкесіндегі жұмысын Жызақ жерінен бастады. Ол жердегі жергілікті адамдармен қосылып, халықты аштық ажалынан құтқарып қалуға кірісті. Ашаршылыққа ұшыраған адамдарды тамақтандыру, ауруларды емдеу, жалаңаштарға киім тауып беру мәселерімен бірге, оларға киім, мата, азық-түлік, ыдыс-аяқ, төсек-орын, үй-жай т.б. қажеттіліктері үшін қаражат табу жұмыстарымен де шұғылданды. Бұл жұмыс барысында бірқанша қиыншылықтарға ұшырады. Аштық жалындап-жайпап бара жатқан өрт секілді екенін оны кешіктіріп болмайтынын түсініп, жедел шараларды амалға асыру мақсатында Республикалық Төтенше комиссия құрды. Төтенше комиссияның төрағалығын өз мойнына алды. Оның мүшелеріне азық-түлік, егіншілік, еңбек, қаржы, жол қатынасы, Орталық шараушылық кеңесі т.б. көптеген комиссарлар мүше болып ендірілді.

Түркістан өкіметі комиссияға ашаршылықпен күресу үшін 40 миллион сом ақша аударды. Төтенше комиссия кезінде Ходжент, Жызақ, Уратөбе, Самарқан, Наманган, Өндіжан, Түркістан, Шымкент, Әулиеата, Қазалы уездеріне және Ташкент қаласына үлестіріп берді. Ашаршылықпен күресу Төтенше комиссиясы төтенше құқықтарға ие болып, ашаршылыққа қарсы күрес жұмысына жоғарыда аталған комиссарларды, мекемелерді, сол сияқты түрлі органдарды белсене қатыстырды.

Тұрат Рысқұловтың басшылығымен ТК Түркістан өлкесіне түгел аралап шығуға аттанды. Ең алдымен Тұрат Хиуаның түстік жағындағы елді-мекенді аралаудан бастады. Төтенше комиссия тобы Самарқанда, Ходжентте, Ферғанада, Наманганда, Жалалабадта, Ошта болды. Одан кейін Әулиеата, Шымкент, Түркістан уездеріне барды. Өзі болмаған жерде төтенше өкілдерін жіберді. Тұрар көбіне аталған жерлерге өзі барып, жағдаймен толық танысқан. Төтенше комиссия бұл жерлерде көптеген жұмыстар атқарды. Ауылдық жерлерде ұсақ қолөнер шеберханаларын ұйымдастырды. Ходжент қаласына жақын эттәарық қыстағында жаңғақ бағын жаңартып, жаңадан көшет отырғызуда бірнеше күн өзі басшылық жасап, өзінің білгір бағбан екендігін де көрсетті. (Тұрар ауылшаруашылық орта оқу орнын бітірген маман болған). Ол 1917-18 жылдары «Красная водопад» егіншілік тәжірибе станциясында бір жылдай ауылшаруашылық маманы болып жұмыс істеген.

Тұрар Рысқұлов басқарған бұл комиссия көп қырлы жұмыстарды орындап, ерекше абыройға ие болды. Бұл қызметтеріне разы болған өлкенің жоғары органдарының ұйғаруымен 1917 жылдың көктемінен ашаршылыққа қарсы Төтенше Комиссия Халық комиссариятына айналды. Рысқұлов басқарған Төтенше комиссия аштықта құтқарумен шектелмей, саналуан жұмыстарды атқарды. Мысалы, Комиссия мынадай жұмыстар тындырған:

1. Ашаршылыққа ұшырағандардың нақты мәліметін алған.
2. Тегін тамақтану орындарын ашқан.
3. Баспанасыз қалғандарға баспана берген.
4. Жалаңаш қалғандарға киім берген.

5. Ауруларға медициналық көмек көрсеткен.
6. Аш, қараусыз балалар үшін қалониялар ұйымдастырған.
7. Ашаршылыққа ұйырағандарды өнімді, тамақты еңбекке тартқан, \Ұста дүкендерін, киім-етік тігетін шеберханаларын, ағаш шеберханаларын, түрлі заттар жасайтын басқа да шеберханаар ұйымдастырған\.

Тұрмыс жағдайлары нашарлап, ашаршылықтың өріс алған жерлердегі адамдардың шөп-шалам тамырларын, бүршіктерін т.б. жегенін өз көзімен көрген Тұрар ағамыз бұл жұмыстан бас тартпай қаншама қажырлы еңбек етіп, өлкедегі 1,5 миллиондай халықты аштық ажалынан құтқарып қалды.

Сонымен Тұрар Рысқұлов Түркістан өлкесінің басшыларының алдына кезек күттірмейтін халықтар арасында тез арада шешілу керек болған мәселенің бірі-сауатсыздықты жою мәселесін қойды. Сауатсыздықты жою, мектеп ашу, мектептердегі сабақ жүргізетін мұғалім кадрлерін дайындау мәселесін шешетін іс-шараларды белгілеп, оны іске асыру үшін Төтенше Комиссия құру қажеттігін алға қойды. Тұрар ағамыздың бұл жөнінде істеген қызметтері де үлкен бір құндылыққа ие.

**Аннотация:** О Тураре Рыскулове много романов и научных исследований. Хотя у нас есть много исследовательских материалов, мы были впечатлены тем, что Турар был верным своему делу человеком, все еще не полностью проанализированы его научные труды. Тем не менее, отличительная работа Турара – работа по спасении миллионы людей от голода, от которого пострадал очень сильно казахский народ. Турар очень сочувствовал своему народу и всей своей силой работал для его процветания. Краткий анализ Турара о голоде в 1918-1919 годах и написанные записки Сталину 19 февраля 1923 года найдены в архиве в Ташкенте и переведены на казахский язык. 1932-1933 гг. Голод, вызванный грубым неправильным толкованием во время принудительной коллективизации.

**Abstract:** There are many novels and scientific studies about Turar Ryskulov. Although we have a lot of research materials, we were impressed with the fact that Turar was a loyal person, his scientific works are still not fully analyzed. Nevertheless, the distinctive work of Turar is the work of saving millions of people from hunger, from which the Kazakh people suffered very much. Turar was very sympathetic to his people and with all his strength worked for his prosperity. A brief analysis of Turar about the famine in 1918-1919 and written notes to Stalin on February 19, 1923 were found in the archive in Tashkent and translated into Kazakh. 1932-1933 Hunger caused by gross misinterpretation during forced collectivization.